

Қазақстан Халықтарының ассамблеясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 1 наурыздағы N 2066. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2002.04.26. N 856 жарлығымен. ~ U020856

Қазақстан Республикасында қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық татулық нығайту мақсатында және Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан консультативтік

кеңесші орган ретінде Қазақстан Халықтарының ассамблеясы құрылсын.

2. Қазақстан Халықтарының ассамблеясы туралы Ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

3. Қазақстан Халықтары ассамблеясының бірінші сессиясы 1995 жылғы 24 наурызда шақырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Халықтары ассамблеясының бірінші сессиясын өткізуге байланысты мәселелерді шешетін болсын.

5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1995 жылғы 1 наурыздағы
N 2066 Жарлығымен
Бекітілген

Қазақстан Халықтарының ассамблеясы туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Халықтарының ассамблеясы (бұдан былай - Ассамблея)
Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік кеңесшісі

орган болып табылады.

2. Ассамблея өз қызметін:

- Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Президенттің актілеріне және осы Ережеге сәйкес;

- мүшелерінің тең құқылығы, жариялылық, демократия, Ассамблея мүшелерінің оның құрамындағы өздерінің қызметі үшін дербес жауапкершілігі принциптеріне сүйеніп;

- Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдармен, қоғамдық, оның ішінде діни бірлестіктермен, қоғамдық аумақтық өзін-өзі басқару органдарымен, сондай-ақ қызметі Ассамблеяның мақсаты мен міндеттеріне қайшы келмейтін халықаралық ұйымдармен және басқа мемлекеттердің өзге де ұйымдарымен тығыз бірлесіп жүзеге асырады.

3. Ассамблеяның шешімдері ұсыныстық сипатта болады.

II. Ассамблея қызметінің мақсаты, міндеттері және негізгі бағыттары

4. Ассамблеяның мақсаты республикадағы оқиғаларға баға беру мен саяси ахуалды болжамдау негізінде қоғамның топтасуын қамтамасыз ететін практикалық ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік тегіне, діни сенімі мен нанымына қарамастан Қазақстан азаматтарының құқықтары мен бостандықтары сақталуының кепілі ретіндегі Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне жәрдемдесу болып табылады.

5. Ассамблеяның қызметі мынадай міндеттерді шешуге:

- елдегі ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың сақталуына жәрдемдесуге;

- Қазақстан аумағында тұрып жатқан ұлттар өкілдерінің арасында достық қарым-қатынастардың дамуына ықпал ететін мемлекеттік саясатты жүргізу жөнінде ұсыныстар әзірлеуге, тең құқылық принципін сақтау негізінде олардың рухани-мәдени түлеуі мен дамуына жәрдемдесуге;

- азаматтардың өркениеттілік пен демократиялық нормаларға сүйенетін саяси мәдениетін қалыптастыруға;

- мемлекеттің жүргізіп отырған ұлттық саясатында әр алуан ұлттық мүдделердің ескерілуін қамтамасыз етуге жәрдемдесуге;

- қоғамда туындаған әлеуметтік қарама-қайшылықтарды шешу үшін мәмілелер іздестіруге бағытталған.

6. Ассамблея қызметінің негізгі бағыттары:

- қоғамның таяудағы және болашақтағы рухани дамуының тұжырымдамалары мен бағдарламаларын әзірлеу, оларды мемлекеттік органдар мен халық арасында талқыға салу, оларды жүзеге асыруға жәрдемдесу;

- демократиялық өзгерістерді қолдайтын қоғамдық пікірді

қалыптастыруға қатысу;

- әлеуметтік тәжіке мен дауларды реттеу, жанжалды ахуалдарды шешу жөнінде ұсыныстар әзірлеу мен практикалық шараларды жүзеге асыруға қатысу;

- шетелдік ұйымдармен ақпарат алмасу болып табылады;

ұлтаралық қатынастарды дамыту мен нығайту жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіру;

<*>

ұлттық саясат мәселелері жөніндегі заң жобаларына қоғамдық-құқықтық сараптама жасау.

<*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ толықтырылды - ҚР Президентінің 2000.10.03. N 450 жарлығымен.

U000450_

III. Ассамблея мүшелері

7. Ассамблеяны Республика Президенті өзі белгілеген сандық құрамда ұлттық-мәдени орталықтар, ардагерлер кеңестері өкілдерінің, сондай-ақ халық арасындағы беделін, қоғамдық-саяси белсенділігін, практикалық қызмет тәжірибесін ескере отырып, басқа да адамдардың ішінен жасақтайды.

Ассамблея мүшелігіне кандидаттар ұлттық-мәдени орталықтардың ұсыныстары бойынша облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының кіші Ассамблеяларының Кеңесінің немесе сессиясының шешімімен ұсынылады. Республикалық қоғамдық бірлестіктер мен мемлекеттік органдардан Ассамблея мүшелігіне кандидаттарды Ассамблеяның Атқарушы хатшылығы ұсынады. Барлық кандидатуралар Ассамблея Кеңесінің мәжілісінде қаралып, Қазақстан

Халықтары ассамблеясы Төрағасының бекітуіне ұсынылады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті ұсынылған кандидатураларды қабылдамай тастауға, Ассамблея құрамына өз қалауымен басқа адамдарды енгізуге

хақылы.

<*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2000.10.03. N 450
жарлығымен.

U000450_

8. Қазақстан халықтарының кіші ассамблеялары:
облыс әкімдері жанындағы консультативтік кеңесші органдар
болып табылады;
әр облыста ұлттық-мәдени орталықтардың, ардагерлер
кеңестерінің, облыстық әкімшіліктер мен мәслихаттардың өкілдерінен
жасақталады;
оларға облыс әкімдері басшылық етіп, дербес құрамын
бекітеді;
өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын,
зандарын, Президенттің актілері мен осы Ережені басшылыққа алады.

IV. Ассамблея мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

9. Ассамблея мүшелері:
- Ассамблеяның практикалық қызметінің мәселелерін талқылауға;
- өз пікірін Ассамблея шешім қабылдағанға дейін де, одан
кейін де білдіруге;
- ассамблея қызметіне қатысуын тоқтата тұруға немесе оның
құрамынан шығуға құқылы.

Ассамблея шеңберінде азшылықтың өз көзқарасы және айқындамасын еркін
білдіру құқығына кепілдік беріледі. Бұл ретте азшылықтың Ассамблея атынан
сөйлеуге және қабылданған шешімдердің жүзеге асырылуына кедергі жасауға
құқы жоқ.

10. Ассамблея мүшелері:
Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Президенттің
актілері мен осы Ережеге сәйкес іс-қимыл жасауға;
- Ассамблеяның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізуге белсене қатысуға;
- Ассамблея беделіне қамқорлық жасауға және оның идеялары мен қызметін
белсене насихаттауға;
- Ассамблея тапсырмаларын тыңғылықты орындауға міндетті.

V. Ассамблеяның жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі

11. Қазақстан Республикасының Президенті Ассамблеяның Төрағасы болып табылады.

Ассамблея Төрағасының Ассамблея мүшелерінің ұсынысы бойынша Республика Президенті тағайындайтын екі орынбасары болады.

12. Ассамблеяны Қазақстан Республикасының Президенті шақырады. Ассамблеяның өткізілу уақыты, орны және болжалды күн тәртібі Ассамблея жұмысының басталуынан бір ай бұрын хабарланады.

Ассамблея жылына кемінде бір рет шақырылады.

13. Кезектен тыс Ассамблеяны Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамашылығы бойынша немесе Ассамблея мүшелерінің жалпы санынан кемінде үштен бірінің өтініші бойынша шақырады және шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде өткізіледі.

14. Егер Ассамблеяның жұмысына оның мүшелерінің жалпы санынан кемінде үштен екісі қатысса Ассамблея құқылы деп саналады. Егер ассамблеяға қатысып отырған мүшелерінің жартысынан көбі дауыс берсе Ассамблеяның шешімі қабылданған деп есептеледі. Шешім қабылдау кезінде дауыс беру нысанынан Ассамблея белгілейді.

15. Ассамблея:

- осы Ережені өзгерту мен толықтыру туралы ұсыныстарды қарастыруға және оларды Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне енгізуге;

- Ассамблеяның тұжырымдамалары мен мақсатты бағдарламаларын қабылдауға;

- Ассамблея мүшелерінің есептерін тыңдауға;

- Қазақстан Республикасының Президентіне Ассамблеяның, оның құрылымдарының қызметін қайта құру немесе тоқтату туралы Ассамблея мүшелерінің кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен ұсыныс енгізуге;

- оның құзырына жатқызылған өзге де мәселелерді қарастырып, шешуге құқылы.

16. Қазақстан Халықтары ассамблеясының мәжілістері арасында жұмыс жүргізу үшін Республика Президентінің шешімімен ұлттық-мәдени орталықтардың, ардагерлер кеңестерінің өкілдерінен, кіші Ассамблеялардың басшыларынан, сондай-ақ Ассамблеяның құрамына кіретін басқа да адамдардан Ассамблея Кеңесі құрылады.

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2000.10.03. N 450

жарлығымен. U000450_

VI. Ассамблеяны басқару құрылымы және қаржыландыру. <*>

17. Қазақстан Халықтары - ассамблеясының жұмысына жалпы басшылықты Ассамблея Төрағасы - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті жүзеге асырады.

Ассамблеяның жоғарғы органы оның сессиясы болып табылады. Сессия шешімдерінің ұсыныстық сипаты болады.

Ассамблея Төрағасының орынбасарлары Ассамблея сессиялары мен оның Кеңесі мәжілістерінің аралығында Ассамблея Кеңесіне басшылық етеді, Ассамблеяның Атқарушы хатшылығының жұмысын басқарады, өкілдік функцияларды жүзеге асырады, Ассамблея Төрағасының жекелеген тапсырмаларын орындайды.

Ассамблеяның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшесінің құрамына енетін оның Атқарушы хатшылығы болып табылады.

Кіші Ассамблеялардың Атқарушы хатшылықтарының жауапты қызметкерлері облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері аппаратының қызметкерлері болып табылады деп белгіленсін

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1998.04.17.

N 3913 жарлығымен. U983913_

ЕСКЕРТУ. VI-тарау және 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің

2000.10.03. N 450 жарлығымен. U000450_

18. Ассамблея қызметін қаржыландыру республиканың және облыстардың бюджеттік қаражаты, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін ерікті құрмалдықтар есебінен жүзеге асырылады.

VII. Ассамблеяның қызметін тоқтату тәртібі

19. Ассамблеяның қызметін қайта құру немесе тоқтату туралы шешімді Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамашылығы бойынша немесе Ассамблея мүшелерінің жалпы санынан кемінде үштен екісінің ұсынысы бойынша қабылдайды.

20. Ассамблеяның қызметін қайта ұйымдастыру немесе тоқтату туралы ақпарат баспасөзде жарияланады.